

Жуантөбе ауылдық округіне қарасты Жуантөбе елді мекені Қ.Омарұлы көшесінің аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Жуантөбе ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 12 қазандағы № 11 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 2 қарашада № 4250 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Жуантөбе ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Жуантөбе ауылдық округі әкімінің 15.02.2018 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясы Созақ аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 1-6/287 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында Жуантөбе ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жуантөбе ауылдық округі Жуантөбе елді мекені Қ.Омарұлы көшесінің тұрғыны Мұхтар Нығметті тістеген қарсақтың құтырық ауырумен ауыруына байланысты Жуантөбе елді мекені Қ.Омарұлы көшесінің аумағына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды Жуантөбе ауылдық округі әкімінің кеңесші, іс-басқарушысы А.Мырзабековаға тапсырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жуантөбе ауылдық округі
әкімінің міндетін уақытша
атқарушы*

Б.Жайлаубай